

## СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗІН-ӨЗІ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ ШАРИПБАЕВА Г.Т.

Өркениетті елу елдің қатарына қосылу мақсатын жүзеге асыруға кіріскен Қазақстан үшін халқымыздың ұлттық сана-сезімін, құндылықтарын, мәдени мұрасын бағалай білетін, қазіргі әлеуметтік-экономикалық қарым-қатынастарға, заманауи талаптарға сай білімді, білікті дара тұлғаны, құзіретті маманды тәрбиелеу ең өзекті мәселелер қатарына жатады. Қоғам өмірін демократияландыру мен ізгілендіру бағытындағы түбегейлі өзгерістерге байланысты жоғары мектеп студенттерінің білім сапасына, тәрбиелік деңгейіне жаңа талаптар қойылуда. Қазақстанда да, Ресейде де, әлемдік деңгейде оқыту, тәрбиелеу, кәсіби даярлау проблемаларына толассыз назар аударылуда. Солардың айғағы: «Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында білім беру жүйесінің басты міндеті-жеке тұлғаның ұлттық, жалпыадамзаттық құндылықтардың, ғылым мен практиканың жетістіктері негізінде қалыптастыру, дамыту және кәсіби тұрғыдан жетілдіру», - деп көрсетілуі қарастырылып отырған тақырыптың өзектілігін айқындай түседі. Жеке тұлғаның өзіндік сана –сезімі мен өзін-өзі тәрбиелеу мәселелері педагогиканың көрнекті өкілдері: Ы. Алтынсарин, Ш.Уалиханов, А.Құнанбаев, Ш.Құдайбергенов, Х.Досмухамедұлы, М.Жұмабаев, М.Дулатов, А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, К.Д. Ушинский, В.А.Сухомлинский, т.б. еңбектерінде жан-жақты қарастырылған. Тәрбие – көп қырлы, күрделі процесс, қоғамдық құбылыс. Сара Алпысқызының: «Руханияттың кәусар бастауына апаратын жолды іздеу-бүгінгі таңдағы... баршамыздың басты міндетіміз...қаласаңыз оны адам туралы білімдер көмбесіне апаратын жол деп те атауға болады», -деген сөзі бәрімізге үлкен жауапкершілік жүктейді. Сонымен қатар Л.С.Выготскийдің: «Тәрбие ең ақырғы нәтижесінде өзін-өзі тәрбиелеу болып шығады», - деген пікірін толық қолдай отырып, Селевко студенттің өзін-өзі жетілдіру, тәрбиелеу іс-әрекетінің теориялық, технологиялық аспектілерін қарастырады, анықтама береді. Ол: «Өзін-өзі тәрбиелеу деп жеке тұлғаның өз даму жолын саналы басқару процесі, өз қызығушылықтары мен субъективтік мақсаттарына орай сапалық қасиеттерін, қабілетін дамыту» - деп тұжырымдайды.

Жеке тұлғаның өзін-өзі тәрбиелеуі мен өзін жетілдіру мәселесі Ш.Уалиханов, К.А.Абульханова-Славская, А.А.Вербицкий, Ю.М.Орлов, В.Г.Романенко, И.И.Чесновкова, т.б., ал өзін-өзі бағалау ерекшеліктерін Н.Е.Анкудинова, А.И.Липкина, В.С.Магун, Е.И.Савонько, В.Ф.Сафин, т.б. ғалымдар еңбектерінен көруге болады.

С.А.Назарбаеваның «Өзін-өзі тану» бағдарламасының аясында жүргізілген зерттеулерді ғылыми-теориялық, тұжырымдамалық, тәжірибелік тұрғыдан қарастырған ғалымдар: З.Т.Шеръязданова, Т.А.Левченко, М.Х.Балтабаев, А.А.Семченко, Л.К.Көмекбаева, З.Б.Мадалиева, Е.Е.Бурова, Б.А.Әлмұхамбетов, К.Ж.Қожахметов, К.Н.Шамшидинова, т.б. өзін-өзі тәрбиелеудің педагогикалық-психологиялық мәселелерімен айналысуда. Тұжырымдаманы құрастырушылар қазіргі қоғамдағы тәрбие жеке тұлғаны жан-жақты жарасымды дамытуға рухани-адамгершілік білім беруге бағытталуы қажет деп есептейді. Сонымен зерттеу барысында бүгінгі қоғам сұранысының талабына сай студенттердің өзіндік сана-сезімін, өзін-өзі тәрбиелеуі мәселесін теориялық тұрғыдан шешу қажеттілігі мен осы бағыттағы жоғары оқу орны тәжірибесінің өз дәрежесінде болмауы арасында қайшылықорын алып отырғандығына көз жеткіздік.


Егер жоғары мектептің оқу-тәрбие үрдісінде студенттердің өзін-өзі тәрбиелеу әдістері тиімді қолданылса, студенттердің өзін-өзі тәрбиелеуінің педагогикалық негізі, психологиялық сипаты анықталса және өзіндік сана-сезім компоненттерімен байланыстырылса, олардың өзіндік танымына, өзіндік бағдарын анықтауға бағытталса,

онда студенттердің ішкі мүмкіндіктері арқылы тұлғалық дамуының деңгейі көтеріледі, өйткені оқу-тәрбие үрдісі студенттердің өзін-өзі тану, жетілдіруін басқаруына тиімді ықпал етеді, толымды тұлғалық сапасы, өзіндік «мені» қалыптасқан тұлға ретінде дамуына жол ашылады.

Қазіргі кездегі қазақ елінің тыныс-тіршілін, салт-санасын жанарту жолында әрекет жасап жүрген жастарға Ж.Аймауытовтың мына ойлы сөздері де ерекше маңызды: «Оқыған азаматтың қызметке тұрлаусыздығы, білімі аз, шалалығы, құр даурықпа боялмалылығы, еліктегіш, мансапқорлылығы, кеңсешілдігі, пайдакүнемділігі, негізгі мақсат, мұратының жоқтығы, берік жол тұтына алмайтындығы – осының бәрі шын әлеуметтік қызметкерінің піспенен, шынықпағандығын көрсетеді». Қазіргі кезде де біздің арамызда мұндайлар бар ма? Әсіресе нарықтық экономикаға араласуды желеу етіп, тек табыс табуды ғана ойлап, ақша қуып кеткен кейбір жастар қоғам, әлеумет, халыққа қызмет көрсету мәселелерін естерінен шығарып, имандылықпен адамгершілікке жат, келенсіз қылықтар жасап жүр. Бұдан әрі ғалым мамандық таңдауға кімінің жеке қасиеттері мен кейбір тумыстан берілетін ерекшеліктерін ескеру қажеттілігін, бұл жерде әр кісі өзін-өзі басқарып, өзін жетілдіре түсуге, кісілікке ұмтылуға ерекше мән беруін, яғни өзінде қандай талант, қандай зеректік, қандай бейімділік, бір сөзбен айтқанда, ақндай қабілеті бар екендігін білуі қажеттігін ескертеді. Өйткені «өзін-өзі танымаған, өзгені тануға да шорқақ болады» дегендей небір тамаша ақыл кеңес берген еді .

Қазіргі студенттер тәрбиенің объектісі ғана емес, олар өз өмір жолын заман талабына орайластыра құруға қабілеті жететін, шығармашылықтық істің өкілдері. Олар нарықтық қатынастарға өтудің небір сүйініш-күйініштерін өз бастарынан кешіруде. Бірақ та қоғамдағы әртүрлі мәселелерді жеңе білуде жастарға аға ұрпақтың көмегі мен ақыл-кеңестері әлі де бұрынғыша қажет бола бермек. Сондықтан қазіргі бозбалалар мен бойжеткендердің психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, олардың ұмтылыс талап-тілектерін үнемі дамытып отыру – үйдегі, түздегі тәлімгерлердің абыройлы парыз.

Студенттік кезең – адамның өз болашағына айрықша үніліп қарайтын, өзінің сыртқы табиғатын біліп, оны өз игілігіне пайдалану үшін жан дүниесінің жұмбақты сырларын білгісі келетін шақ. Өйткені өзінің ішкі сезімін, алуан түрлі сырларын жақсы білсе, сыртқы дүниенің жан мен тәнге күнбе-күн жасайтын ықпалын түсініп, адамзат қоғамына пайдалы істер жасауға тырысады. Адамның өмірге құштарлығы, мақсаты, мүддесі, дүниетанымы – бәрі өзін-өзі тани білуімен сабақтас келеді. Студенттердің өзін-өзі тани білуін, тәрбиелеуін дұрыс ұйымдастыру үшін, алдымен өзін-өзі тәрбиелеу ұғымына берілген тағы бір анықтаманы қарастырайық: өзін-өзі тәрбиелеу өз бойынағы ұамсыз мінез-құлықты, кемшілікті жеңуге, ұнамды, жақсы қасиеттерді қалыптастыруға, жетілдіруге бағытталған жүйелі де саналы әрекеті . Өзін-өзі тәрбиелеудің түрлері, қызметі, ұйымдастыру шарты, кезендері, ережесі, құралы, амал, әдіс-тәсілдері, ажыратылады.



Өзін-өзі тәрбиелеудің шарттары:

Өзін-өзі тәрбиелеу мақсатын айқындау;

Өзін-өзі тәрбиелеу бағдарламасының мазмұнын туыстарымен ақылдасып анықтау;

-жарыссыз,өзін-өзі реттеу,өз көңіл-күйін,сезімін жүйеге келтіру;

-белгіленген сезімдік,ақыл-парасаттық қатнасты қалыптастыру үшін ынталандыру жүйесін құру;

-жағымды сезімдерге сүйену;

-жағымсыз қылықтан ,жағдайдан,қателесуден қорытынды шығару,қатеге талдау жасап,сабақ алу;

-өзінің әрбір іс-әрекетіне,психикалық жай-күйіне бақылау жасау;

-өзгеге кешірімділік,қайырымдылық пенталап қоя білушілік;

-үздіксіз,жүйелі түрде өзін-өзі тәрбиелеу нәтижесін бақылау,тексеру,әрбір кезеңге қорытынды жасап отыру.

Студенттердің өзін-өзі тәрбиелеуге, құрметтей білуге үйрететін жолдың бірі – білім беру барысында өзін-өзі тұлға ретінде дамытуға, жетілдіруге жағдаят жасау. Студентті өзін-өзі құрметтей білуге үйретуді сөзбен, не үндеу арқылы емес, оқу барысында өзіне сенімін тәрбиелеп, білім алу мүмкіндігін туғызу, психологиялық жағымды климат құру, әрі олардың адамгершілік-рухани қасиеттерін дамыту, тұлғалық болмыс-бітімін құрмет ету арқылы қалыптастырылады. Студенттердің жеке тұлғалық қадір-қасиеті, өзін-өзі реттеуі олардың өзін-өзі тәрбиелеуі арқылы жүзеге асырылады. Тұлғаның өзін-өзі реттеуі кезінде қалыптасқан сыртқы ортаға, өз міндеттеріне саналы қатынасы, болашағына көз жүгіртіп, талаптанушылығы негізінде пайда болған қажеттілік – бұл өзін-өзі тәрбиелеу негізі. Өзін-өзі тәрбиелеу факторы мен механизмдерін қарастырған уақытта адамның қажеттілігі, жауапкершілігі, қызығушылығы мен қатар рухани сезімдердің дұрыс қалыптасуы тұлғаның өзін-өзі реттеуіне толық мүмкіндік береді. Педагогикалық-психологиялық процесте зорлықпен оқыту, күштеп тәрбиелеу, бағындыру сияқты әрекеттер баланы ынтасыз, жігерсіз етіп, өзін-өзі реттеуден безіндіріп жібереді. Ал И.С.Кон: «Студенттерді өзіндік жоспар құруға үйретуге ерекше назар аударылуы керек», - деп есептейді. Ол жоспар арқылы өзіне-өзі есеп беру, іс-әрекетін реттеу, болашағын жоспарлау, мақсатқа жетуге

талпыну, өз білімін жетілдіру, шетел тілін тереңірек меңгеруге ұмтылу, т.б. қасиеттері мен ынта-ықыласын арттыра алады. Өз бетінше іс-әрекетке дайын болып, көптеген мүмкіндіктерді иеленеді. Ұлы ойшыл Абай адамның өсіп-жетілуіндегі тәрбиенің роліне тоқтала келе, өзінің он тоғызыншы қара сөзінде «Адам баласы туа есті болмайды. Естіп, көріп, татып, естілердің айтқандарын есте сақтап қана естілер қатарында болады», - деп ақыл-естің тәрбие арқылы жетілетінін дәлелдейді. «...Адам мінезінің түрлерін адамгершілік, имандылық тұрғыдан қарастырып, оарды жақсы және жаман деп жіктейді». Әдептілікті, сыпайылықты, құмарлықты, тәуелсіздікті, беріктікті жақсы мінезге жатқызса, сенгіштікті, жауыздықты, арсыздықты, т.б. жаман мінез қатарына қосады. Егер есті кісінің қатарында болғың келсе, күнінде бір рет, болмаса жұмасында немесе айында бір рет өмірді қалай өткізгенің жайында өзіңнен өзің есеп ал», - дейді. В.А.Каракровский, Л.И. Новикова мен Н.Л. Селиванова жеке тұлғаны емес, оның даму, өзін-өзі тәрбиелеу процесін басқару керектігін атап өтеді. Өзін-өзі тәрбиелеу – күрделі процесс. Өзін-өзі тәрбиелеудің құрылымына талдау жасай келіп, Ю.М.Орлов «Өзінің-өзі мінез-құлығын тәрбиелеу және өзін-өзі тану», И.С.Кон «Жеке тұлға және оның өзіндік санасы: өзін-өзі іздестіру», В.Г.Маралов «Өзін-өзі дамыту мен өзі-өзі танудың негізі» еңбектерінде оның көпжақты, көпөлшемді, әрі сан-сезім, өзіндік сананың жеке тұлғаның «Мен» тұжырымдамасының қалыптасуымен тығыз байланыста жүретіндігін дәлелдейді. Өзін-өзі тәрбиелеу адамның жалпы күш-қуатының дамуына ықпал етіп қана қоймайды, сонымен қатар мінез-құлық, адамгершілік, эстетикалық, рухани дамуындағы кейбір кемістіктерді жөндеуге де мүмкіндік береді. Біз өз жұмысымызда ғалымдардың еңбектері мен зерттеулеріне сүйене отырып, өз ізденістерімізде оларды шығармашылықпен пайдалануға тырыстық. Әрі төмендегідей тұжырымға келдік.

Сонымен жоғары мектептің студенттерін өзін-өзі тәрбиелеуге баулу жұмыстары олардың әлеуметтік статусының өзгеруіне сай, студенттік қауымдастықтың ерекшеліктеріне сәйкес жүргізіледі.

### **Түйін**

Бұл мақалада студенттердің өзін-өзі тәрбиелеудің психологиялық ерекшелігі және педагогикалық шарттары көрсетілген.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. С.Қ.Мұхамбетова «Педагогика». Оқу құралы, Ақтөбе 2006 ж.
2. Қ.Ж.Қожахметова, С.Қ.Мұхамбетова «Педагогика және психология». Оқулық көмекші құрал. Алматы 2005
3. Мұхамбетова С.Қ. Педагогика. Негізгі ұғымдар, анықтамалар, сызбалар мен кестелер. Ақтөбе, 2000ж. 80б
4. Кон И.С. Психология ранней юности. Москва. Просвещение, 1999ж.
5. Кон И.С. В поисках себя: личность и ее самосознание. Просвещение, 1984ж.. Москва.

## **ПОДГОТОВКА ПЕДАГОГИЧЕСКИХ КАДРОВ В КОНТЕКСТЕ БОЛОНСКОГО ПРОЦЕССА.**

*КАРАГУЛОВА А.А.*

Важнейшей детерминантом современного цивилизационного развития является глобализация, охватывающая все сферы общественного бытия. Динамика глобализационных процессов обуславливает значительные изменения социокультурных реалии, включая образование. Тем не менее, в данных условиях образование выступает важнейшим фактором устойчивого поступательного развития общества, поскольку, с одной стороны, гарантирует сохранение и трансляцию